


Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Жеміс-жидектер: Бүлдірген

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:	
	<ul style="list-style-type: none">• бүлдіргеннің дәмін, көлемін, қай кезде көп болатындығын еске <i>түсіреді</i>;• үш тілде қайталау, есте сақтау, қанша буын, әріп, дыбыс екенін <i>біледі</i>;• боялған бүлдіргенде неше түс бар екенін анықтайды, қанша қарындаш бар екенін түспен <i>нақтылайды</i>;• екі суретті салыстырады бояуға керек емес қарындашты алып тастайды, неге екендігін <i>түсіндіреді</i>;• бүлдіргенді қарбызбен салыстырып, оның пішінінің үлкен-кіші (>, <) екендігін <i>нақтылайды</i>;• бүлдірген суретіндегі ақшыл дақтардың өздері жеп жүрген жемістегі не екендігі туралы <i>ой қорытады</i>.
Пәнаралық байланыс:	
	танымдық (<i>жаратылыстану, математика</i>) шығармашылық (<i>бейнелеу</i>) коммуникациялық (<i>сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер</i>) әлеумет (<i>қоршаған ортамен таныстыру</i>)
Білім алушы игеретін білік-дағды:	
	<ul style="list-style-type: none">- бүлдіргеннің қай кезде көп болатындығын, дәмін, көлемін есіне түсіреді;- қанша дыбыс, буын, әріптен тұратындығын біледі;- боялған бүлдіргенде қанша бояу екенін анықтап, қандай бояулар керектігін нақтылайды;- көрсетілген суретті бояуға қажет емес қарындашты тауып анықтайды;- бүлдіргенді қарбызбен салыстырады, оның пішінінің үлкен кіші екендігі туралы ой қорытады;- бүлдірген суретіндегі ақшыл дақтың не екені туралы тұжырым жасайды.
ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:	
	<ol style="list-style-type: none">1. Тақырып бойынша ой қорыту (топпен жұмыс) (5 мин.)2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)3. Рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)
1. Тақырып бойынша ой қорыту (топпен жұмыс)	
	
	Суретте қандай жеміс бейнеленген? _____

¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сурақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суретпен жұмыс). Нені көріп тұрмыз?



Сурет бойынша әңгіме құрастырамыз. (коммуникациялық дағды қалыптасады)

ЖЕМІС – БҮЛДІРГЕН
(кітапшамен жұмыс)



1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған жеміс атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды)

3. Суреттерді салыстыр, кітапшада көрсетілген түсті қарындаштың қайсысының керек емес екендігін анықта (тиянақтылыққа баулу)

4. Суретке қарап салыстыр, пішіні қандай, қайсысы үлкен (>, <) белгі қой. (танымдық дағды)

Өздік жұмыс



Екі сурет бірдей болуы үшін не істеу қажет?



Бояймыз.

Тапсырманы орындау алгоритмі:

- Ашық түспен боялған жерлерден бастап бояймыз
- Біртіндеп қою түске қарай көшеміз (шығармашылық дағды)

5. Бүлдіргеннің суреті мен фотосуретін салыстыр, ақшыл дақтың нені білдіретіндігін тұжырымда.

✓ бірдей
✗ бірдей емес
= ұқсас



6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарап бағалаймыз.